

11-сынып

1-тапсырма. (1-9) Аудиомәтінді тыңдап, берілген нұсқалардың ішінен дұрыс жауапты таңдаңыздар.

**1. Ыбырай Алтынсарин Қазақстанның қай бөлігінде дүниеге келген?**

- а) Шығыс Қазақстан
- ә) Солтүстік Қазақстан
- б) Оңтүстік Қазақстан

**2. Ыбырайды кім тәрбиеледі?**

- а) әкесі
- ә) атасы
- б) нағашысы

**3. Мектепте ол алғаш рет қай тілде оқыды?**

- а) қазақ
- ә) орыс
- б) татар

**4. Ыбырай Алтынсарин қазақ балалары үшін қандай қызмет атқарды?**

- а) мектептер ашқан, музыка туралы кітаптар жазған
- ә) мектептер ашқан, тарихи кітаптар жазған
- б) мектептер ашқан, өлеңдер, әңгімелер жазған

**5. Ыбырай Алтынсарин мектеп оқушыларына арнап қандай кітаптар жазған?**

- а) «Қырғыздар туралы жазбалар», «Жоңғария очерктері»
- ә) «Қазақ хрестоматиясы», «Қазақтарға орыс тілін оқыту құралы»
- б) «Дала қоңырауы», «Татьянаның әні»

**6. Ыбырай Алтынсарин кімдердің шығармаларын қазақ тіліне аударған?**

- а) Толстой, Ушинский
- ә) Крылов, Лермонтов
- б) Пушкин, Есенин

**7. Ыбырай Алтынсарин өз шығармаларында балаларды неге шақырды?**

- а) спортқа, өнерге, еңбекке
- ә) білімге, еңбекке, адалдыққа
- б) ғылымға, байлыққа, ойынға

**8. Қазір барлық балалар Ыбырайдың қай өлеңін жатқа біледі?**

- а) «Атымтай Жомарт»
- ә) «Өзен»
- б) «Кел, балалар, оқылық»

**9. Ыбырай Алтынсарин туралы қай ақын «Дала қоңырауы» поэмасын жазған?**

- а) М.Мақатаев
- ә) Ғ.Қайырбеков
- б) Ә. Сәрсенбаев

**10. Республикадағы қай мекеме Ы.Алтынсаринның есімімен аталған?**

- а) педагогика ғылыми-зерттеу институты
- ә) философия ғылыми-зерттеу институты
- б) әдебиет ғылыми-зерттеу институты

**2-тапсырма. Аудиомәтінді тындап, тест тапсырмаларын орындаңыз.**

**1. Сүлеймен патшаның бұйрығы қандай болған?**

- a) Қарға дүниедегі ең әдемі құсты табуы керек, ал кірпі ең кішкентай аңды табуы керек.
- в) Қарға әдемі дауыспен бір ән салуы керек, ал кірпі патшаға мамық жастық табуы керек.
- с) Қарға дауысын өзгертуі керек, ал кірпі инелерін алып тастауы керек.
- д) Қарға дүниедегі бір жақсы сайрайтын құсты табуы керек, ал кірпі бір жұмсақ нәрсе табуы керек.
- е) Қарға таң атқанда ән салып патшаны оятуы керек, ал кірпі патшаның бетіне тақалып жатуы керек.

**2. «Дат, тақсыр!» деген сөздер нені білдіреді?**

- a) Қылмыскердің кешірім сұрағаны.
- в) Қылмыскер өзінің ең соңғы қалауы мен өтінішін айтқысы келгені.
- с) Қылмыскердің кінәсін мойындағаны.
- д) Қылмыскердің жазамен келіспейтіні.
- е) Қылмыскердің туыскандарымен көрісуге рұқсат сұрағаны.

**3. Мәтіндегі сөйлемдерден қыстырма сөзі бар сөйлемді табыңыз (тыныс белгілері қойылмаған).**

- a) Жазалы екеуі өздері істеген істің бәрін бастан-аяқ баян етеді.
- в) Мұның ойлауынша бұлбұл және басқа құстар жаман сайрайтын болып көрінеді.
- с) Таң атқанда ол құс мені сайраған даусымен оятсын.
- д) Қарғаның балапандары қарқылдай бастайды.
- е) Қараса қарғаның балапандары мен кірпінің балалары екен.

**4. Мәтіндегі қай сөздер синоним болып табылады?**

- a) дамыл таппай, көп жерді аралап, арып-ашып
- в) патша, жендет, бала
- с) қарға, құс, бұлбұл
- д) жер дүние, жер жүзі, жер беті
- е) тәтті, жұмсақ, әдемі

**5-7. Сүлеймен қарға мен кірпінің ісіне ашуланды, өйткені ... Тындаған мәтіннің мазмұнына сәйкес сөйлемді 3 сөйлеммен толықтырыңыз:**

---

---

---

**8. Мәтін мазмұнына сай емес сөйлемді табыңыз.**

- a) Кірпі де дамыл таппай, жердің жүзін кезіп, жұмсақ нәрсе іздейді, бірақ еш жерден таба алмайды.
- в) Жазалы екеуі өздері істеген істің бәрін бастан-аяқ баян етеді.
- с) Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ боп сезіледі.
- д) Бұлардың қарқылдағаны қарғаға сондай әдемі, сондай нәзік көрінеді.
- е) Сүлеймен деген патша қол астындағы халқына бұйрық береді.

**9. Мәтіндегі антоним бола алатын сөз тіркестерін анықтаңыз.**

- a) басын кесуге бұйырады, жазадан босатып жібереді
- в) дамыл таппай, шаршап-шалдыққан
- с) бас жағыма, жастығымның үстіне
- д) бір жақсы сайрайтын құс, бір жұмсақ нәрсе
- е) жер жүзі, жер беті

**10. Мәтіннің қай сөйлемі «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпі баласын «жұмсағым» дер» дегенге сай келеді?**

- a) Бұлардың қасында бұлбұл және басқа құстар әлдеқайда жаман сайрайтын боп көрінеді.
- в) Қараса, қарғаның балапандары мен кірпінің балалары екен.
- с) Баласы өзіне балдан тәтті, оттан ыстық, күннен жарық, мамықтан да жұмсақ екен ғой.
- д) Кірпіге балаларының денесі сондай жұмсақ боп сезіледі.
- е) Әркімге өзінің баласынан артық көретіні жоқ екен ғой.